**"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің отандық өндірушілер мен экспорттаушыларды қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 271 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 21 қазандағы № 599 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің отандық өндірушілер мен экспорттаушыларды қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 271 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2015 ж., № 23, 142-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің отандық өндірушілер мен экспорттаушыларды қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарында:

«Қаржыландыру тетіктері мен шарттары» деген бөлімде:

«1. Отандық автоөндірушілерді қолдау» деген тарауда:

«Отандық өндірістің автомобильдерін деген сатып алушыларды - түпкілікті қарыз алушыларды қаржыландыру шарттары» деген кіші бөлімде:

2-тармақта:

1) және 2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«1) жеңіл автокөліктің 1 бірлігінің құны 15 000 000 теңгеден аспайды;

2) кредит беру мерзімі – 7 жылдан аспайды;»;

5) тармақша алып тасталсын;

«ЕДБ арқылы отандық автоөндірушілерді қолдау шеңберінде негізделген қаржыландыру қаражатын мониторингтеу» деген кіші бөлімде:

2-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«КДБ» АҚ ЕДБ ұсынған деректердің мынадай шарттарға сәйкес келуі тұрғысынан тексереді: автомобильдің 1 (бір) бірлігінің ең жоғары құны, сыйақы мөлшерлемесі, кредит беру мерзімі және ескертулер болмаған жағдайда, ҚР ҰБ-ға тиісті хат жібереді.»;

«4. Отандық экспорттаушыларды қолдау» деген тарауда:

«Отандық экспорттаушыларды қолдау шеңберінде тікелей кредит беру, негізделген және лизингтік қаржыландыру» деген кіші бөлімде:

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) номиналды сыйақы мөлшерлемесі – «ҚДБ» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес есептелген, бірақ жылдық 12,5%-дан аспайды;».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Б.Сағынтаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК